



## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Хорватия Республикасының Үкіметі арасындағы экономикалық ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 14 ақпандығы № 66 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған 2018 жылғы 17 мамырда Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Хорватия Республикасының Үкіметі арасындағы экономикалық ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

B. Сагынтаев

Ескерту. Нормативтік күқиқтық  
актіге қоса тіркелген  
халықаралық келісімнің мәтіні  
ресми болып табылмайды. ҚР  
халықаралық келісімнің  
жасасқан тілдердегі ресми  
куәландырылған көшірмесін ҚР  
халықаралық келісімдерін  
тіркеуге, есептеуге және  
сақтауға жауапты ҚР Сыртқы  
істер министрлігінен алуга  
болады

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2019 жылғы 14 ақпандығы  
№ 66 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Хорватия Республикасының Үкіметі арасындағы экономикалық ынтымақтастық туралы келісім

(2019 жылғы 1 наурызда күшіне енген - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2019 ж., № 2, 21-құжат)

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Хорватия Республикасының Үкіметі

Тараптардың мемлекеттері арасындағы ынтымақтастық бойынша ұзақ мерзімді қатынастарды дамытуға және достық пен дәстүрлі қатынастарды нығайтуды жалғастыруға ниет білдіре отырып;

өзара тиімді негізде өздерінің экономикалық және өнеркәсіптік ынтымақтастығын дамыту және күшейту мақсатында;

шарттық негізді тереңдетудің одан әрі ынтымақтастық үшін қолайлы жағдай және үйлесімді негіз жасайтынын мойындай отырып;

Тараптар мемлекеттерінің қолданыстағы заңнамаларының шеңберінде және халықаралық құқық қағидаттарына сәйкес

төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Тараптар мемлекеттерінің қолданыстағы заңнамаларының шеңберінде Тараптар экономикалық және әлеуметтік дамуға байланысты барлық салалардағы өзара тиімді экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуге және әртараптандыруға жәрдемдеседі.

## 2-бап

Әрбір Тарап өз құзыretі шегінде басқа Тарапты өнеркәсіптік және өзара экономикалық қатынастарды, оның ішінде мына:

- 1) энергетика және энергия тиімділігі;
- 2) инфрақұрылым;
- 3) инженерия және машина жасау;
- 4) электрондық өнеркәсіп және телекоммуникациялар;
- 5) ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі;
- 6) фармацевтикалық өнеркәсіп салаларын дамыту бойынша ынтымақтастық мүмкіндіктері туралы хабардар етеді.

## 3-бап

Тараптар өздерінің ынтымақтастығын кеңейту және күшейту үшін мынадай шаралар:

- 1) Тараптар арасындағы байланыстарды дамыту және ынтымақтастықты нығайту;
- 2) Тараптар мемлекеттерінің бизнес топтары арасында жаңа байланыстар орнатуға және қазіргі байланыстарды кеңейтуге жәрдемдесу, жеке тұлғалар мен кәсіпорындар арасындағы сапарларды, кездесулерді және басқа да өзара іс-қимылдарды көтермеленеу;
- 3) коммерциялық ұйымдар арасында өзара қызығушылық тудыратын ақпаратпен алмасу, жәрменкелерге және көрмелерге қатысады көтермеленеу, бизнес оқыбалар, семинарлар, симпозиумдар және конференциялар ұйымдастыру;
- 4) шағын және орта кәсіпорындардың екіжақты экономикалық қатынастарға неғұрлым белсенді қатысуын ілгерілету;
- 5) консультациялар беру, маркетинг, ұсынымдар және өзара қызығушылық тудыратын сараптамалық көрсетілетін қызметтер салаларындағы ынтымақтастықты көтермеленеу;

6) қаржы институттарын және банктерді неғұрлым тығыз байланыстар орнату және тиісінше олардың ынтымақтастығын нығайту бойынша көтермелеу;

7) инвестициялық белсенділікті, бірлескен кәсіпорындар құруды, компаниялардың өкілдіктерін және филиалдарын құруды көтермелеу;

8) өзара қызығушылық тудыратын мәселелерде өніраалық ынтымақтастықты және халықаралық деңгейдегі ынтымақтастықты көтермелеу; және

9) үшінші елдердің нарықтары мәселелері бойынша ынтымақтастық арқылы күш-жігерін салады.

#### **4-бап**

Тараптар арасындағы экономикалық ынтымақтастықты дамыту және ілгерілету үшін Тараптар бірлескен Комиссия (бұдан әрі Комиссия деп аталады) құрады және осы Келісімнің іске асырылуын бақылайды.

Комиссияның қызметі мына бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) екіжақты экономикалық қатынастарды дамытуды талқылау;

2) болашақтағы экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту үшін жаңа мүмкіндіктерді анықтау;

3) екі елдің кәсіпорындары арасындағы экономикалық ынтымақтастық жағдайын жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

4) осы Келісімді іске асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

#### **5-бап**

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану бойынша даулар туындаған жағдайда, Тараптар оларды консультациялар мен келіссөздер арқылы шешеді.

#### **6-бап**

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша жекелеген хаттамалармен ресімделетін және оның ажырамас бөліктері болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

#### **7-бап**

Осы Келісім Қазақстан Республикасы мен Хорватия Республикасы қатысушы болып табылатын басқа халықаралық келісімдерден және олардың халықаралық үйимдар мен өнірлік интеграцияларға мүшелігінен туындаитын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

#### **8-бап**

Осы Келісім Тараптардың, оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап күшіне енеді.

## 9-бап

Осы Келісім күшіне енген күннен бастап бес жыл бойы қолданылады және егер Тараптардың бірі екіншісіне осы Келісімнің қолданылуын тоқтату ниеті туралы дипломатиялық арналар арқылы ағымдағы 5 жылдық кезең аяқталғанға дейін алты ай бұрын хабарламаса, келесі бесжылдық кезеңге ұзартылады.

2018 жылғы 17 мамырда Астанада екі төлнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, хорват, орыс және ағылшын тілдерінде жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімді түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Хорватия Республикасының

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК